



ҰЛЫБРИТАНИЯ ОТАРЛАРЫНДАҒЫ ДАҒДАРЫСТАР

Едилханова С.А.,
Ш.Есенов атындағы Каспий
технологиялар және инжиниринг
университеті, тарих ғылымдарының
кандидаты, доцент

Жаңа замандағы Ұлыбританияның отарлық саясаты әлемдік тарихтағы ең ірі және ұзақ мерзімді үстемдіктердің бірі болды. Бұл саясаттың басты ерекшелігі — экономикалық пайда табу мен геосаяси ықпал орнату жолында түрлі аймақтардағы халықтардың әлеуметтік, мәдени және саяси құрылымдарын түбегейлі өзгертуі. Ұлыбритания өзінің отарлық билігін жүргізуде бастапқыда теңіз қарақшылығы, сауда компаниялары, кейіннен тікелей басқару және әскери интервенция арқылы ықпалын күшейтті.

Алғашқы кезеңде, әсіресе Бірінші Британ империясының қалыптасуы кезінде, отарлық саясат сауда мүдделерімен тығыз байланыста болды. Ост-Үнді компаниясы сияқты жекеменшік құрылымдар арқылы Британия Азияда, әсіресе Үндістанда, өз ықпалын күшейтіп, отарларды біртіндеп тікелей басқаруға көше бастады. Бұл кезеңде құлдық, теңіз қарақшылығы, шикізат ресурстарын қанау — британдық капитализмнің дамуына негіз болды. Құл саудасы әсіресе Атлант мұхиты аймағында дамыды, ал африкалық халықтар ғасырлар бойы британдық отарлық жүйенің құрбаны болды.

Ағылшындардың ең бай отары — Үндістан болды. Ағылшын билігі үнді халқына ауыр зардап әкелді. Ост-Үнді компаниясы кедей үнді шаруаларынан үлкен байлық жинады. Бай әрі құнарлы ел аштық пен ауыр шықпауы кесірінен миллиондаған адамынан айырылды. XIX ғасырдың ортасына қарай арзан ағылшын маталары үнді тоқымашыларының дәстүрлі өнерін жойып, қолөнерді күйретті. Үнді халқы шетел үстемдігінен шаршап, азаттықты аңсады. Бүлік тұтануы үшін тек бір себеп керек еді [1.101].

Мұндай себеп ретінде сепойлар арасындағы толқу болды. Сипайлар — Ост-Үнді компаниясының жалдамалы әскерлері, жергілікті тұрғындардан құралған. Халық арасындағы наразылық оларда да байқалды. Көтеріліске тікелей себеп — биліктің оларды Қытайға соғысқа жібереді деген қауесет еді. Бұл жаңа оқ-дәрілердің көптеп әкелінуімен расталғандай болды. Жаңа оқ-дәрілер маймен молынан майланған, ал бұл майдың сиыр мен шошқа майы аралас болғаны айтылды. Мұндай май индуистер мен мұсылмандар үшін де



діни тұрғыда харам саналды. Сипайлар арасында екі діннің өкілдері де болғандықтан, бұл жағдай ортақ наразылық туғызды[18.101-102].

1850-жылдардың ортасына қарай Үндістандағы наразы топтар қатарына феодалдар да қосыла бастады. 1846 жылы генерал-губернатор болып тағайындалған Далхази князьдердің иеліктерін біртіндеп Ост-Үнді компаниясына қосып, олардың табысы мен ағылшын субсидияларынан айырды. Сонымен қатар, ағылшындар ірі жер иеленушілердің құқығын тексере бастады – құжатпен дәлелдей алмағандардың мүлкі тәркіленді. Осы жағдай феодалдарды да шетел үстемдігіне қарсы шыққан халықты қолдауға итермеледі [2.34].

Көтеріліс 1857 жылдың көктемінде басталды. 11 мамырда Меерут қаласындағы үш сипай полкі көтеріліске шықты. Олар Делиге аттанып, қала халқының қолдауымен оны басып алды. Осы жеңістен кейін басқа аймақтар да біртіндеп көтерілісшілер жағына өтті. Көп ұзамай Ганг аңғары — Үндістанның халқы ең көп, ең бай бөлігі — ағылшындардан айырылды. Бұл аймақта ағылшындар тек бірнеше бекіністерді, соның ішінде Оуд провинциясындағы Лакхнау қаласын ғана ұстап тұрды. Бірақ қараша айында бұл гарнизон да қаладан кетуге мәжбүр болды [2.102].

Оңтүстік Үндістан мен Пенджабта жағдай өзгеше болды: британдықтар сенімсіз әскер бөлімдерін қарудан айырды. Елдегі діни және ұлттық алауыздықты пайдаланып, Бомбей мен Мадрас аймақтарындағы әскерлердің көтеріліске қосылуына жол бермеді. Сонымен қатар, бірнеше жергілікті әмірлердің қолдауына ие болып, көтерілісшілерге қарсы шабуылға кірісті. Көтерілісшілердің бүкілхалықтық қарсылыққа ұмтылмауы да ағылшындарға көмектесті [3.12].

Маусым айында ағылшындар жазалау әрекеттерін бастады. Үш айға созылған қоршаудан кейін, 1857 жылы қыркүйекте Дели қаласын алды. 1858 жылдың наурызында көтерілістің тағы бір ірі орталығы – Лакхнау қаласы басып алынды. Ағылшындар көтерілістің бірыңғай басшылығы болмағанын пайдаланып, әр аймақтағы қарсылықты жеке-жеке басып-жаншыды. Феодалдарды өз жағына тарту үшін ірі жер иеліктерінің сақталатынын жариялады. Бұл шара нәтиже беріп, көптеген жер иелері көтерілістен бас тартып, ағылшындарға қосылды. 1859 жылға қарай ағылшын жазалаушы әскері көтеріліс ошақтарын қатігездікпен басып, бүкіл Үндістанда өз билігін қайта орнатты. 1857 жылғы көтерілістің қайталанбауы үшін ағылшындар Үндістанды басқару жүйесін өзгертуге мәжбүр болды. 1858 жылы Ост-Үнді компаниясы



таратылып, ел тікелей британ үкіметінің бақылауына өтті. Компания акционерлері өз үлестері үшін 3 миллион фунт стерлинг көлемінде сыйақы алды. Ағылшын үкіметі үнді ақсүйектері мен жер иелерінің қолдауын сақтау үшін олардың меншігіне, артықшылықтары мен құқықтарына қол сұқпайтынын ресми түрде мәлімдеді. Бұл 1858 жылғы 1 қарашада Королева қол қойған арнайы құжатта жарияланды. Онда жерге қатысты барлық дәстүрлі құқықтардың қорғалатыны атап көрсетілді. Солдаттар құрамында да өзгерістер болды: әскер қайта ұйымдастырылып, ағылшын офицерлері мен жауынгерлерінің үлесі артты. Артиллерия мен техникалық бөлімдер тек ағылшындардан құрылды[3.13].

Вест-Үнді отарындағы ағылшындарға қарсы көтерілістер. 1775 жылы ақпанда Массачусетте конституциялық армияның ережелерін жасауға комиссия құрылды. Бұл мәселе штатының өкілдері конгресінде талқыланып, отаршылдық жиналыстың орнына шақырылды. Қалыпты және радикалды өкілдер арасында қызу пікірталас болды. Сол кезде Англиямен қарулы қақтығыс қаупі артып жатты. Массачусетс Конгресі армия құру туралы сөйлескенде ерікті жасақтар әскери дайындық жүргізіп, қару-жарақ қоймаларын жасап, милицияны жаттықтыра бастады. Қауіпсіздік комитеттері бұл әрекетті қолдап, патриот көшбасшылары — С.Адамс пен Дж.Хэнкок — әскери дайындықты ұйымдастырушы болды. Генерал Гейдж бұл әрекеттерді біліп, патриоттарды тоқтатуға тырысып, Конкорд пен Лексингтон маңындағы еріктілерді қарудан айыру және Адамс пен Хэнкокты тұтқынға алу туралы бұйрық берді [4.123].

Британдықтар әскери дайындықты құпия ұстағысы келгенімен, қауіпсіздік комитеті олардың қозғалысын қадағалап отырды. 18 сәуірде 700-800 британдық сарбаз Бостон орталығынан Конкордқа шыққанда, бұл операция сәтсіздікке ұшырады. Қауіпсіздік комитеті бір күн бұрын қару қоймаларын жоюды бұйыртып, түнде Конкордтағы азық-түліктер көрші ауылдарға тасымалданды. Британдық әскерлер түнде Конкордқа аттанды, бірақ операцияның мақсаты көп командирге соңғы сәтте ғана айтылды. Солтүстік шіркеу мұнарасындағы күзетші алдын ала белгі беріп, патриот Пол Ревер атымен әйгілі рейдке шығып, шабуыл туралы ескертті. Джозеф Уоррен Конкордқа сенімді адам Уильям Доусты жіберді. Бостон маңындағы тұрғындар ағылшын патрульдерінің күдікті әрекетін байқап, жүгірушілер Лексингтонға жеткенде дабыл қағылды. Лексингтонда британдықтар мен американдықтар арасында атыс болып, сегіз американдық қаза тауып, тоғызы жараланды.



Конкордта да қарулы қақтығыс болып, американдықтар британдықтарды кері ысырып үлгерді[7.123].

Американдық көңіл-күйде маңызды өзгеріс 1776 жылы Томас Пэйннің «Жалпы сезім» атты брошюрасын шығаруымен болды. Бұл еңбектің ауызша да, баспа арқылы да патриоттарды біріктіру мен тәуелсіздік үшін үгітте ерекше әсері болды. Пэйн өзі американдық емес, 1774 жылы ғана Англиядан келген. Ол Лондонда Бенджамин Франклинмен танысып, ол Пэйнге Америкаға баруды және оны табысқа жетуге мүмкіндік бар жер деп санайтынын айтқан [4.29].

10 мамырдағы қарардың және әсіресе 15 мамырдағы кіріспенің қабылдануы Тәуелсіздікті жариялау жолындағы маңызды қадам болды. Джон Адамс преамбуланы бекіту арқылы «Конгресс Америкада бұрын-соңды қабылданбаған ең маңызды резолюцияны қабылдады» деп дұрыс атап өтті. Ол тіпті Конгресс қабылдаған шешімдерді (мүмкін оның өзі олардың авторы болғандықтан) ерекше маңызды тарихи маңызы бар және іс жүзінде тәуелсіздікті жариялайтын шешімдер ретінде қарастыруға бейім болды. Конгресстегі дауыс беруден екі күн өткен соң Джон Адамс әйеліне Англияның Американы «одан толық ажырау, толық абсолютті тәуелсіздік» деген шектен шыққан қадамына итермеледі деп жазды[5.19].

Тәуелсіздік Декларациясы тарихтағы халық егемендігі принципін үкіметтің негізі ретінде жариялаған алғашқы ресми мемлекеттік құжат болды. Декларацияның тағы бір тарихи маңызды ережесі – онда халықтың көтеріліспен революцияға құқығы мойындалды. «Бәрі бір мақсатты көздейтін ұзаққа созылған қиянаттар мен басып алу әрекеттері халықты абсолютті деспотизмге түсіру мақсатын көрсеткенде, мұндай үкіметті құлату олардың құқығы мен міндеті болып табылады» - бұл декларацияның сөздері шын мәнінде революциялық мағынаға ие болды. XIX ғасырдың ортасына дейін АҚШ ағылшын капиталына тәуелді болды: ел ағылшын тауарларын негізгі сатып алушы және өнеркәсіпке қажетті шикізат (әсіресе мақта) жеткізуші ретінде қызмет етті. Осы кезеңде АҚШ ағылшын қаржысы үшін қанау нысаны болды. Соған қарамастан, американдық буржуазия Америка құрлығында ерте бастан белсенді экспансия жүргізе бастады және бұл әрекеттері Англиямен қайшылықтарға әкелді. 1823 жылы АҚШ үкіметі Монро доктринасы арқылы Еуропа елдерінің Америка құрлығындағы отарлау әрекеттерінен бас тартуын талап етті және құрлықтағы өзінің ерекше құқықтарын жариялады [5.21].

1830 жылдары АҚШ Англияның қарсылығына қарамастан Мексикадан Техасты тартып алды. 1840 жылдары Орегон территориясына байланысты



Англиямен қақтығыс туындады. Нәтижесінде Британия қысымға шыдай алмай, даулы аумақтың көп бөлігін АҚШ-қа берді. Бұл жерлер кейін Орегон, Вашингтон, Айдахо, Монтана және Вайоминг штаттарына айналды. АҚШ экспансионистері тіпті Канадаға да талап қойды. Америка капиталы Орталық Америкада да белсенділік танытты. Англиямен бірге Атлант пен Тынық мұхитын жалғайтын теңіз каналы үшін күрес жүргізілді. Екі ел де бұл аумақты бақылауға тырысты. Алайда 1850 жылы Клейтон-Булвер келісімі жасалып, екі жақ та канал салу мен оны нығайту құқығынан бас тартты. Бұл бәсекелестік нәтижесінде жарты ғасырға жуық уақыт бойы кемелер Оңтүстік Американы айналып өтетін ұзақ жолмен жүруге мәжбүр болды. Осы уақытқа дейін АҚШ-тағы өсіп келе жатқан ішкі саяси қиындықтар - құлдық мәселесіне қарсы күрес американдық экспансияны әлсіретіп жіберді. 1860 жылы бұл күрес күшейіп, 1861 жылдың басында ашық азаматтық соғысқа ұласты [6.96].

Ағылшын буржуазиясы АҚШ-тың ішкі қиындықтарына қуанды: АҚШ-тың күйреу перспективасы Англияның қарсыласының әлсіреуін білдірді; Ағылшын орталарында тәуелсіздік алған Оңтүстік Конфедерация ақырында ағылшын отарына айналады деп үміттенді [6.97].

1840 жылы ағылшындар Жаңа Зеландияның маори халқы тұратын бай аралдарын басып алды. Соңғылары өз жерлерін басып алуға қарсылық көрсеткенде, ағылшындар оларға қарсы қанды соғыс бастады, ол маорилердің көпшілігін жоюмен аяқталды. Оңтүстік Африка да ағылшын экспансиясының объектісі болды, мұнда ағылшындар бұрынғы голландиялық Үміт мүйісін база ретінде пайдаланып, жергілікті халықпен қиян-кескі соғыстарда жаңа аумақтарды басып алып, солтүстікке қарай жылжи бастады. Ағылшын билігіне наразы болған жергілікті халық (бурлар) — голланд эмигранттарының ұрпақтары — ағылшын иеліктерінің шекарасын тастап, солтүстікке қоныс аударып, өздерінің Оранж республикасын құрған кезде, британдықтар оны 1848 жылы өз иеліктеріне қосып алды. Алайда бурлар бүлік шығарып, британдықтарды 1852 жылы Оранж еркін мемлекеттің тәуелсіздігін тануға мәжбүр етті; бірақ, бұл шағын республиканы сыртқы дүниемен байланысын үзіп тастады, кейін Англия оны экономикалық жағынан өзіне тұтастай бағындырды [7.66].

Қорытындылайтын болсақ, Британ империясының отарларындағы саясаты жергілікті халықтардың мүдделерін ескерусіз қалдырды. Экономикалық қанау, мәдени шектеулер мен саяси үстемдік отарлардағы наразылықты күшейтті. Әсіресе Үндістан мен Солтүстік Америкада ұлт-



азаттық қозғалыстар өрши түсті. Отарлардағы дағдарыстар империяның әлсіреуіне әкелді, себебі халықтар тәуелсіздік пен дербестікке ұмтылды. Ұлыбритания бұл қарсылықтарға күшпен жауап беруге тырысқанымен, ұзақ мерзімде отарлық жүйені сақтап қала алмады.

Ұлыбританияның отарлық саясатына тән маңызды ерекшелік — жергілікті халықтарға қатысты «бөл де билей бер» тактикасын тиімді қолдануы. Бұл саясат Үндістан, Африка елдері, Кариб бассейні, Жаңа Зеландия мен Канада секілді отарларда халықтың ішкі бірлігін ыдыратып, британдық әкімшілікке тиімді басқару жүйесін орнатуға мүмкіндік берді. Әсіресе Үндістанда касталық жүйені сақтап, бір халықты бір-біріне қарсы қою арқылы ұзақ мерзімді билікті қамтамасыз етті. Сонымен қатар, отарлық саясаттың идеологиялық сипаты да маңызды болды. Ұлыбритания отарларды "өркениетке жеткізу" деген желеумен мәдени ассимиляцияны жүзеге асырды. Білім беру, дін тарату, ағылшын тілін енгізу — барлығы метрополияның үстемдігін заңдастырудың құралына айналды. Бірақ мұндай әрекеттер жергілікті мәдениеттер мен діни жүйелерге үлкен соққы болып тиді.

Отарлық саясаттың тағы бір қыры — экономикалық тәуелділікті күшейту. Отар елдерге дайын өнімдерді өткізу нарығы ретінде ғана емес, шикізат көзі ретінде қарау — британдық буржуазияға аса зор табыс әкелді. Мұны Чернышева Е.В., Кузнецов А.А. және Данилов С.Ю. сынды зерттеушілер өз еңбектерінде нақты деректермен дәлелдейді. Жаңа Зеландия, Канада және Үндістан Британияның шикізат қоймасына айналып, бұл елдерде феодалдық-отарлық қатынастар орнықты. Алайда, XIX ғасырдың соңына қарай бұл саясат түрлі отарларда дағдарысқа ұшырай бастады. Ұлт-азаттық қозғалыстардың көтерілуі, жергілікті элитаның саяси талаптары мен әлеуметтік наразылықтардың күшеюі британ билігін қайта қарауға мәжбүр етті. Үндістандағы 1857 жылғы көтеріліс, Канада мен Жаңа Зеландиядағы реформалар, Африкадағы қарсылық қозғалыстары — отарлық үстемдікке қарсы бағытталған әрекеттердің көрінісі болды.

Қорыта айтқанда, Жаңа замандағы Ұлыбританияның отарлық саясаты — бұл тек экономикалық экспансия ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік, саяси және мәдени үстемдікті қамтамасыз етуге бағытталған жүйелі әрі кешенді іс-әрекет болды. Оның ерекшелігі — икемділігі, прагматизмі және ұзақ мерзімділігі. Бүгінде көптеген бұрынғы отар мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық және мәдени құрылымдарында осы саясаттың салдары әлі де байқалады. Ұлыбританияның отарлық жүйесі — тарихта тиімді



ўйымдастырылган, бирақ жергілікті халықтар үшін ауыр зардаптармен аяқталған жаулаушылықтың бір үлгісі.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Кузнецов А. А. Колониальная экономика и социальная сфера в Британии: проблемы и перспективы развития. Идеология. История. Имидж/А. А. Кузнецов. - М.: Издательство «Моногатори», 2016. - 94 с.
2. Чернышева Е. В. Колониальная политика Британии в XIX веке: особенности и последствия. История. Международная политика/Е. В. Чернышева. - М.: Издательство «Вестник Томского государственного университета», 2017. - 78 с.
3. История США в четырех томах. Том первый. История/Издательство ИМО Москва 1983г. 676 с.
4. Симоненко Е.С. Канада и Великобритания: опыт имперской обороны интерации (конец XX - начало XIX вв.). Монография/Е.С. Симоненко. - Владивосток: Издательство Дальневосточного университета, 2010 – 236 с.
5. Я. Маховский. История морского пиратства История/СССР 1972.-288с.
6. Акимов Ю. Г. От межколониальных конфликтов к битве империй: англофранцузское соперничество в Северной Америке в XVII - начале XVIII в. - Изд. 2-е, перераб. и доп. - СПб.: Изд-во С.-Петербургского университета, 2005. - 567 с.

